

30 наурыз,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

Сессия

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІП, ТҮРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІНІҢ МӨЛШЕРІН БЕЛГІЛЕДІ



Жуырда аудандық мәслихаттың кезектен тыс үшінші сессиясы өтті. Сессия отырысына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин және аудандық мәслихат депутаты Аманжол Еманжолдин мен қоғамдық кеңес төрағасы, бірқатар бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіне ұсынылған негізгі мәселе бойынша аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Қайнар Ұлықпанов, аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №480 «2021-2023 жылдарға арналған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы баяндаса, Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 тамыздағы №425 «Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау

туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев хабарлама жасады.

Сессияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша депутаттар қаражат бөлуде ауылдық округтерге теңдей мүмкіндік жасалғанын қалайды. Алайда, баяндамашы бұл мәселені кейбір округтерде жобалық-сметалық құжаттарды жасақтауда кенже қалуымен түсіндірді.

Сессия жұмысына қатысқан аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мекеме басшылары мен депутаттар ауданда қалыптасып отырған эпидемиологиялық ахуалға байланысты шектеу шараларына түсінік жұмыстарын жүргізуге атсалысуға шақырды.

Өз тілшіміз.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ САНИТАРИЯЛЫҚ- ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ НҮРСҰЛУ БЕРКІМБАЕВАНЫҢ ЖҮРЕ

Күрметті Ақтөбе облысының тұрғындары!
2021 жылдың 22 наурызындағы бағалау матрицасына сәйкес Ақтөбе облысы сары аймаққа кіргенін білесіздер.
27.03.2021 жылы бір тәулікте КВИ-мен ауырған 62 жағдай тіркелді, оның ішінде ауру симптомдары бар – 42 (Ақтөбе қаласы – 38, Мәртөк ауданы – 1, Ойыл ауданы – 3), симптомсыз – 20 (Ақтөбе қаласы – 16, Қобда ауданы – 1, Мәртөк ауданы – 1, Ойыл ауданы – 1, Шалқар ауданы -1). Аурушаңдықтың өсу деңгейі – 1,3% құрайды.
Жалпы, облыста КВИ-мен ауырған 5020 жағдай тіркелді, оның ішінде 54,7%-ы ауру белгілерімен (2746) және 45,2%-ы симптомсыз (2274) жағдай. 4488 (89,4%) науқас жазылып шықты.
Жалпы тіркелген 5020 науқастың 3,1% (157) сырттан әкелінген, 16,5% (830) ауру адаммен қарым-қатынаста болғандар, 80,3% (4033) жергілікті жағдайлар, оның ішінде 30% (1210) профилактикалық мақсатта тексерілгендер. Қазіргі таңда үй карантиніне 941 адам алынып, оларға медициналық бақылау жүргізілуде.

Қауіп сөйілген жөндеу, сондықтан, баршаңызды бетперде тағуға, қолды жиі жууға, антисептиктерді пайдалануға, әлеуметтік қашықтықты сақтауға шақырамын.
Осы орайда облыс тұрғындарына түрлі мерекелік іс-шараларды, тойлар мен отбасылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынғанын тағы да естеріңізге саламыз.
Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар жанынан ұйымдастырылған мобильді топтар тарапынан көсіпкерлік объектілерінде шектеу карантиндік шараларын сақтау бойынша мониторинг күшейтілетінін еске саламыз.
Бетперде тәртібін, әлеуметтік қашықтықты және карантин талаптарын қатаң сақтаңыздар, қорғаныс құралдары инфекцияның таралуын азайтуға көмектесетінін түсінгендеріңіз абзал.
Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыздар!

**Нұрсұл БЕРКІМБАЕВА,
Ақтөбе облысы санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаментінің басшысы.**

БІЛІМ ОШАҚТАРЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Жуырда Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев және ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшысының орынбасары Ақмарал Есбатырова аудандағы барлық тамақтану орындарына барып, санитарлық жағдайын тексеріп, Ойыл ауданының «қызыл аймаққа» кіруіне байланысты 26 наурыз күні шыққан қаулы ережелерін орындауды ескертті.
Сонымен қатар «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының мүшелері және аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев, білім бөлімінің басшы Серік Меруеновтың қатысуымен аудан орталығындағы білім беру

ұйымдарында бақылау жүргізілді.
Бақылау барысында білім ошақтарының ауданымызда орын алған эпидемиологиялық жағдайға дайындығы, оқушылардың онлайн мектепке толық қатысуы, қашықтықтан білім берудің қандай деңгейде жүзеге асып жатқандығы жөнінде бақылау комиссия жән-жақты тексеріп шықты. Айта кетсек, Ойыл қазақ орта мектеп директоры Шынарғұл Бисенова қазіргі жағдайда оқушылардың білім сапасына өзіндік есерін тигізді жатқандығы жасырын еместігін, дегенмен оқушылар барлық жағдайға толық дайын болды, онлайн мектепке де үйреніп қалғандарын, алайда дестүрлі оқу жүйесіне қайта оралуын маңызды зор екендігін айтады.
Бақылау нәтижесінде, оқу ордасының барлық талаптарға сай екендігі, қазіргі таңдағы ахуалға байланысты сақтық шараларын толық сақталып жатқандығы, білім сапасын қалыпта ұстап тұрғандары белгілі болды.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ



Сарбие ауылдық округінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай архитектуралық конструкциямен тақта жасақталып, Жастар көшесі, мәдениет үйінің алдына орнатылды. Абаттандыру, арғалдандыру бойынша жергілікті қаржы есебінен салынған архитектуралық конструкция түнгі мезгілде жарқырап көшеңіз көркін келтіріп тұр.

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖАҮЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?



Қандай да мемлекеттің және оның қандай да болмасын саласының нәтижесін қамтамасыз ету үшін басқаруды қабылдаған Заңдар мен оларды іске асыру тетіктері дұрыс болуы қажет. Сонымен қатар, Заңдардың қауыптылығы қабылданып, уақытында іске асырылуы да өте маңызды. Өйткені, уақыт пен өрекет сәйкес келмесе де нәтиже дұрыс болмайтын белгілі. Мысалы, денсаулық сақтау саласы бойынша өлемдегі ең тиімді жүйе – сақтандыру медицинасы, біздің елімізде уақытынан бұрын, әсіресе халықтың оған дайын болмауына қарамастан 1996-1997 жылдары енгізіліп нәтижесіз болғаны бәріміздің есімізде. Енді, былтырғы 2020 жылдан бастап денсаулық сақтау саласындағы меди-

циналық көмектің сапасын арттыру мақсатында кеш те болса қайтадан енгізіле бастады.
Қазақстан Республикасының Конституциясында VIII бөлімді негізге алып қабылданған Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы да нәтижелі мақсаттарға жету үшін көптеген өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады. Өлі де өзгерістер енгізіледі, оның күесі қазіргі уақыттың өзінде Заң жобасы әзірленіп қабылдау сатысында тұр. Бұл Заң жобасында, мәслихаттардағы депутаттардың белсенділіктерін арттыру мақсатында, мәслихаттағы тұрақты комиссиялар төрағаларының жұмысын тұрақты негізде атқаратын лауазымы ауыстыру, сессия төрағасының міндеттерін толықтай мәслихат хатшыларына беру және тағы басқа да електен өткізілген тиімді өзгерістер қарастырылған. Қай Заң болса да қабылдау сәтінде дұрыс болғанмен оны іске асыру сәтінде қиындықтар туындайды. Соның бір дәлелі, мәслихаттардың құрамында болған тексеру комиссиялары, мәслихаттарда квалификациялық мамандардың болмауына және басқа да мәселелерге байланысты. Заңға өзгеріс енгізіліп, мәслихаттардан бөлектеніп дербес мемлекеттік орган болып құрылды.
Енді Заңның өзіне келетін болсақ, жергілікті басқару екі бөлек құрылым-

дардан тұрады, біріншісі мемлекеттік басқару - өкілді органдар (мәслихаттар) және атқарушы органдар (өкімдіктер), екіншісі өзін-өзі басқару - Қоғамдастық жиын, Қоғамдастық жиыны және Қоғамдық кеңестер. Жергілікті жердің әлеуметтік-экономикалық дамуы осы аталған органдардың бөрінің тең, өрі келісімді жұмыс жасауларына тікелей байланысты. Мысалға, аудандағы өзекті мәселе аудандық бюджеттің бекітілуі мен оның атқарылуы осы органдардың бөрінің талқылауларынан кейін ғана жүзеге асырылуы қажет. Бірақ, өкінішке орай бұл жерде өзін-өзі басқару органдарының, яғни Қоғамдастық жиыны мен Қоғамдық кеңестің атқарушы ете төмен. Қоғамдық кеңестің жұмысына тиісті құзырлар беру мақсатында 2015 жылдың 2 қарашасында «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.
Осы Заңда еліміздің өрбір саналы азаматына мемлекеттік басқаруды қоғамдық бақылауға қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасауға толық мүмкіндіктер берілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 33-бабында «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі

басқару органдарына тікелей өзі жүргізуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтіншістер жолдауға құқығы бар» делінген.
Қазіргі кезде, менің өзімнің байқауымша Заңдарды іске асыруда өзін-өзі басқару органдарында келісіп бірге жұмыс жасаудан гөрі, бір-бірімен санаспай өз беттерімен жұмыс жасау көбірек әдет алып кеткен сияқты, бұны соңғы жақсы нәтижелерге апармайды. Көпшілік Заңдар тікелей орындауға жатпайды, олар сапалы жасалған Заңға тәуелді актілер арқылы жүзеге асырылады. Осы жерде атқарушы орган мен өкілді органның нағыз шеберліктері керек, Заңға тәуелді актілер жан-жақты қарастырылып жасалғанда ғана елімізде нағыз тәртіп және нәтижелі жұмыстар болады. Бұл жерде Заңға тәуелді актіні өзіндей атқарушы орган болса, бекітетін өкілді орган, ал келісім беретін Қоғамдық Кеңес болып табылады.
Өлемде «Заңдарды дұрыс мемлекеттер алға қарыштап жылжиды, ал Заңы жоқ мемлекеттер өзінен-өзі құриды», деген ұлағатты ұғым бар. Сондықтан, ең бастысы еліміздегі қабылданатын Заңдарымыз дұрыс болсын және бөріміз қабылданған Заңдардан хабардар болып олардың орындалуларында мұқият болайық.
**М. ДОСОВ,
аудандық мәслихаттың
аппарат басшысы.**

150 АДАМ ЕКПЕ АЛДЫ

ӨЛЕМДІ ДҮРЛІКТІРГЕН ДЕРТТЕН ҚОРҒАНУДЫҢ ЕҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ ЕКПЕ АЛУ ЕКЕНІ КҮН ӨТКЕН САЙЫН ДӘЛІЛДЕНІП КЕЛЕДІ. БІЗДІҢ АУДАНҒА ДА НАУРЫЗ АЙЫНДА КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ 150 ДОЗА ЕКПЕ ӨКЕЛІНДІ.



Барлық шарттары сақтала отырып, жүргізілген екпенің 95-ін медицина қызметкерлері алса, 38 мұғалім мен 2 студент те алғашқы болып екпе алды. Сонымен қатар, 5 мемлекеттік қызметкер мен «Д» есепте тұрған 1 адамға екпе жасалды. Бұлардан басқа өртүрлі топтағы 8 адамға ерікті түрде екпенің бірінші кезеңі жасалды. Екпе алғандардың ешқайсысында өздерін жайсы сезіну белгілері білінген жоқ. Коронавируске қарсы вакцина тағы да сөуір айының басында облыстық денсаулық сақтау басқармасының шешімімен беріледі. Бұл жолы да бірінші кезекте медицина

қызметкерлері мен мұғалімдерге, құқық қорғау, ІІБ, мемлекеттік қызметкерлерге беріліп, белгілі бөлігі «Д» есепте тұрғандарға жасалады.
17 ақпаннан 29 наурыз күніне аудан бойынша 104 адамнан вирустың белгісі анықталды. Олармен жақын қарым-қатынаста болған 435 адам 14 күнге үй карантиніне жатқызылса, 57 науқас аудандық ауруханада ем қабылдады. 7 науқас облыстық ауруханаларда емделіп жатыр. Олардың ішінде 11-і 14 жасқа дейінгі балалар болса, 4-еуі мектеп жасына дейінгі бала.

Өз тілшіміз.

ЖОЛ ҚАТЫНАСЫ - ТҮРАҚТЫ КОМИССИЯ НАЗАРЫНДА

Өткен жұма күні аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының жоспардан тыс кеңейтілген онлайн отырысы өткізілді. Отырыста қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе болып отырған «Ауданішілік жолдардың жай-күйі» талқыланды.
Қаралған мәселе бойынша аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

Т.К.Нұрымгереев пен мердігер «UNIVER» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылары есеп берді. Есеп берушілерге тұрақты комиссия мүшелерімен қатар, аудандық мәслихат хатшысы С.Ф.Займолдин, аудандық мәслихат депутаттары және аудандық қоғамдық Кеңес мүшелері аудан тұрғындары атынан туындаған сұрақтарды қойды. Есеп берушілер орынды қойылған сұрақтарға мән беріп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды нақты Заңмен көзделген келісім шарттар негізінде жүргізетіндерін уәде етті.

«СТУДЕНТТЕР ҮШІН ЖАТАҚХАНА САЛУҒА ДАЙЫН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТЕН КЕПІЛДІКТЕР»

Жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесі барлық өңірлер үшін өзекті. Статистикаға сәйкес жатақхана орындарына мұқтаж студенттер саны 62 мыңнан асады. Бұл мектептерден бастап облыстық маңызы бар қалаларға дейінгі еліміздің барлық өңірлеріне тән жағдай.
Онымен қоса жақын болашақта Қазақстан 2000-ші жылдардағы baby-boom-ның нәтижесін бастап көпшеп, яғни студенттер континенті ұдайы өсетін болады. Өлбетте, бұл жағдай студенттік жатақханаларға деген сұраныстың жоғарылауына әсер етпей қоймайды.

Студенттік жатақханалардың тапшылығы мәселесін шешу үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі өзгерленді. Тетіктің тұжырымдамасы жатақханаларда жаңа орындарды іске қосу үшін кеткен шығындардың мемлекет тарапынан ішінара немесе толық өтелеуін көздейді.
Мемлекетпен өріптегі аясында жатақхана ашуды жоспарлап отырған кәсіпкерлерге мынадай қолдау шаралары ұсынылады.
Тұрақты табысқа кепілдік беру. Объект пайдалануға берілгеннен кейін мемлекет мемлекеттік тапсырысты орналастыруда жүзеге асырады, оның бір студентке шаққандағы жыл сайынғы мөлшері құрылыс салынған кезде - 122 АЕК (Алматы қаласы үшін - 144 АЕК), реконструкция жасалған кезде - 47 АЕК. Мемлекеттік тапсырыс 8 жыл мерзімге орналастырылады және төлемдер жүзеге түрде ай сайын жүргізіледі. Мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдер сомасы айлық есептік көрсеткішке «байланысты», осылайша төлемдерді жыл сайын АЕК-ке индекс-теу инфляциялық процестердің өсерін төмендетуге (орта есеппен 4-5% - га) мүмкіндік береді.
Ай сайынғы тұру ақысы. Студенттер тарапынан тұру үшін жалдау ақысы мемлекеттік тапсырыстың құнына кірмейді. Оның мөлшерін жатақхана иесі реттейді және нақты аймақтағы тұрғын үй нарығының жағдайларымен анықталады.
Коммерциялық алаңдарды құру. Тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған коммерциялық алаңдарды құруға болады, олардың негізгі тұтынушылары сіздің тұрғындарыңыз бол-

мақ (асхана, буфет, жаттығу залы, кір жуу бөлмесі және т.б.).
Бірінші жылы төлемдер жасау кезінде артық коэффициентті қолдану. Клиенттерді тарту және тұрғындарды қабылдау кезеңіне ескере отырып, қолдау ретінде алғашқы 12 айда төлемдер екі есе мөлшерде, бірақ жобалық қуаттан артық емес мөлшерде жүргізіледі. Мысалы, жатақхана 500 орынға есептелген болса, онда іс жүзінде 230 студент тұрады делік, сәйкесінше төлем 460 адамға жүргізіледі (2 x 230=460; 2 x 280 ? 560 = 500).

Демалыс кезеңіндегі төлемдер. Өдетте университеттерде оқу жылы мамыр-маусым айларында аяқталады. Кейінгі үш айда студенттер жатақханаларда тұрмайды, бірақ бұл - мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдер тоқтатылады деген сөз емес. Демалыс кезеңінде (маусым-тамыз) төлемдер көлемі сақталады және соңғы оқу айындағы тұру фактісіне сәйкес жүргізіледі.
Індет кезіндегі төлемдер. Ағымдағы жыл оқу процесіне елеулі түзеулер енгізді. Қазіргі уақытта студенттердің қашықтықтан білім алып жатқаны және жатақханаларда тұрмайтындығы белгілі. Бұл ретте объектілердің меншік иелері ғимараттарды күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстарды көтеруді жалғастыруда. Соған байланысты тұру фактісін растамаған жатақхананың жобалық қуаты бойынша төлемдер жұмысшыларымен және қабылданды.
Сондай-ақ жатақхана құрылысы бойынша жобаларды іске асыруды жоспарлап отырған кәсіпкерлер үшін сыйақы мөлшерлемесін 6% - га дейін төмендету отырып, банктік қарыздарды субсидиялау қарастырылған.
Егер қызығушылығыңыз бар болса, сізге мыналар қажет:

Біріншіден, жобаға қатысу шарттарымен толық танысу үшін www.studdom.fincenter.kz жобаның промо сайтына кіру немесе Білім және ғылым министрлігі Қаржы орталығының call-орталығына (8-800-080-28-28) қоңырау шалу.
Екіншіден, шартты алдын ала жасау үшін Қаржы орталығына өтініш беру. «Біз жемісті ынтымақтастыққа дайынбыз!»
«Қаржы орталығы» АҚ

Ел экономикасын еселеуге елеулі үлес қосатын ауыл шаруашылығы саласы екені белгілі. Мемлекет халқының азығын дайындап, асырап отырған да осы ауыл шаруашылығы. Бейнеті мен зейнеті қатар жүретін салаңыз дамуына барынша жағдайлар жасалып, түрлі жеңілдіктер қарастырылып келеді.

Әрине, күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселелер де бар. Дегенмен, жүйелі жоспарлар жасалып, ел игілігі үшін атқарылып ауқымды істер де аз емес. Мәселен, биыл мал шаруашылығы өнімдерінің импортын алмастыру және қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын арттыруға байланысты ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кәсіпорындар салу және жаңғырту бойынша бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде жоспар құрған.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаментінің директоры Еркебулан Ахметов саладағы іске қосылатын өндірістік кәсіпорындар туралы айтақ еді.

«Осы инвестициялық жоспар бойынша, жылына 99,6 мың тонна сүт өндіре алатын 41 тауарлы сүт фермасы, өндірістік қуаты жылына 41,3 мың тонна болатын етті бағыттағы 9 құс фабрикасы, жылына 172 млн дана тағамдық жұмыртқа шығаратын

БИБЫЛ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУЫҒА 89,5 МЛРД ТЕНГЕ СУБСИДИЯ БӨЛІНДІ

ратын 4 құс фабрикасы, жылына 125 мың тоннадан астам құрама жем шығаратын 5 кәсіпорын, 97,7 мың тонна сүтті өңдейтін кәсіпорындар, жылына 45 мың тонна ет өнімдерін өндіре алатын 3 ет комбинаты толық қуатында іске қосылады».

2020 жылы 16,8 мың бас ірі қарасы бар және жылына 102,6 мың тонна сүт өндіретін өнеркәсіптік және отбасылық тауарлы сүт фермасын құрып, жаңғырту бойынша 49 инвестициялық жоба іске асырылған. Оның ішінде 13,6 мың бас сиыры бар және қуаты жылына 92,4 мың тоннаға дейін сүт өндіретін 19 өнеркәсіптік тауарлы сүт фермасы бар.

«Сүтті малдың өнімділігін арттыру үшін 2020 жылы 21 703 бас ірі қара мал импортталды, оның 8 367 басы сүтті және етті бағыттағы ірі қара мал (2322 бас голштин фриз, 929 бас голштин, 250 бас джерсей, 30 бас айршир, 192 бас қызыл-ақ, 4644 бас симментал тұқымы). Биыл жалпы өндіріс қуаты 99,6 мың тонна сүт болатын тауарлы сүт фермаларын құру және жаңғырту бойынша 41 жоба іске асырылады», - деді департамент директоры.

Еркебулан Ахметовтың айтуынша, жыл сайын республикаға сырттан 12,9 млрд теңгенің 101 млн дана тәуліктік

балапандары мен асыл тұқымды жұмыртқалары өкелінеді екен. Дегенмен, өзіміздің репродукторларды дамыту жобасы да қолға алынған.

«Асыл тұқымды өнімнің көбі Ресейден, Еуропалық одақ елдерінен және АҚШ-тан импортталады. Еліміздегі құс фабрикалары құстың аталығы мен аналығын өсірумен және оларды бұдандастырумен айналысады. Қазіргі уақытта республикадағы 8 репродуктор асыл тұқымды құс өсірумен айналысады. Отандық өндіріс есебінен жұмыртқа бағыты бойынша ішкі нарықтың 25%-на дейін және бройлер бағыты бойынша 40%-ға дейін қамтамасыз етіледі. Тәуліктік балапандардың ішкі өндірісін ынталандыру үшін бюджеттен жыл сайын 1 млрд теңге бөлінеді. 2019 жылы Алматы облысындағы «Апель Агро» ЖШС басасында ет бағытындағы асыл тұқымды репродуктор пайдалануға берілді.

Оның өндірістік қуаты компаниялар тобына кіретін барлық бройлер құс фабрикаларының қажеттілігін қамтамасыз етуге жетеді. Сондай-ақ, Ақмола облысында қуаты 33 миллион жететін «Максик құс фабрикасы» ЖШС бройлер бағытында репродуктор салу жобасының құрылысы жүріп жатыр. Бұл кешенді іске

қосу ішкі нарықтың қажеттілігін 40%-дан 50%-ға дейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Құс шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде асыл тұқымды өнімдерді өндіру «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында қаржыландырудың басым бағыттарының тізіміне енгізілген. Қазіргі уақытта осы бағыттарды қаржыландыру екінші деңгейдегі банктер арқылы да жүзеге асырылады», - дейді Е.Ахметов.

Биыл асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын жақсартуды субсидиялауға бюджеттен 89,5 млрд теңге бөлінген. Бұл - шаруаларға үлкен көмек болары сөзсіз.

«Асыл тұқымды мал басының санын көбейту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуды, оның сапасы мен бөсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру мақсатында мемлекет фермерлерді жергілікті бюджеттен екі бағыт бойынша тікелей субсидиялау арқылы қолдау шараларын жүзеге асырады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау мынадай бағыттарда жүзеге асырылады:

- отандық тауар өндірушілер отандық және шетелдік шаруашылықтар-

дан сатып алған асыл тұқымды ірі қара малдың, қойлардың, айғырлардың, түйелердің асыл тұқымды төлдерін және құстардың тәуліктік балапандарының құнын (50%-ға дейін) арзандату;

- сиыр, қой, марал (буғы) аналық басына, сондай-ақ бал арасына селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізу шығындарын азайтуға;

- жеке және заңды тұлғалардың тауарлық және қоғамдық табынын/отардың өсіміне пайдаланылатын етті және етті-сүтті бағыттағы асыл тұқымды бұқаларын немесе қошқарларын күтіп-бауға жұмсалған шығындарын азайтуға;

- сүтті және етті бағыттағы асыл тұқымды бұқа сатып алынғанда оның құнын арзандатуға;

- эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялауға;

- асыл тұқымды және дистрибуторлық орталықтардың шаруа (фермер) қожалықтарындағы және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қараны немесе қойды қолдан ұрықтандыру қызметін субсидиялау.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді субсидиялау мынадай бағыттарда жүзеге асырылады:

Об усилении ограничительных карантинных мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Уилского района

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ 26.03.2021 жа

№ПСГВ-11 Ақтөбе қаласы

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Уилского района, а также в связи со сложившейся эпидемиологической обстановкой на территории Уилского района (*согласно матрице оценки эпидемиологической ситуации по регионам Республики Казахстан в разрезе районов областей на 22 марта 2021 года УРГП на ПХВ «Национальный центр общественного здравоохранения» МЗ РК (№01-08/00-234 от 26.03.2021 года) Уилский район находится в красной зоне*), руководствуясь пунктами 3 и 4 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения», постановлением Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года, №68 от 25 декабря 2020 года, ПОСТАНОВЛЕНИЕ:

1. Аким Уилского района:

1.1. запретить:

1) проведение конференций, выставок, форумов, зрелищных, спортивных, а также семейных, торжественных, памятных, поминков и других мероприятий с массовым скоплением людей, в том числе на дому;

2) деятельности развлекательных учреждений (караоке, бильярдные, компьютерные клубы, ночные и игровые клубы, боулинг-центры, кальянные(в том, числе при объектах общественного питания), детские игровые площадки и аттракционы, в закрытых помещениях, батуты и другие), букмекерских контор и лото-клубов, в том числе розыгрыш лотерей;

3) деятельности детских дошкольных учреждений, за исключением дежурных групп;

4) деятельности банкетных залов;

5) работу столовой в организациях образования начального, среднего и основного среднего уровня, средних учебных заведений;

6) объекты культуры (репетиция);

7) театры, кинотеатры, концертные залы.

1.2. усилить ограничительные карантинные меры в отношении следующих объектов:

1) детских кабинетов коррекции, детских и взрослых образовательных центров при заполняемости группы не более 15 человек, по предварительной записи с соблюдением требований приложения 19 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

2) салонов красоты, парикмахерских, СПА-центров и объектов, оказывающих косметологические услуги по предварительной записи, в будние и выходные дни согласно внутреннего распорядка, при соблюдении не менее 4м² на 1-го посетителя и требовании приложений 7 и 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года;

3) супермаркеты с установлением графика работы в будние и выходные дни с 08.00 до 20.00 часов, с соблюдением требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

4) организации в сфере оказания услуг по проживанию населения (гостиницы) при обеспечении заполняемости не более 80%, с соблюдением требований приложения 11 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

5) открытые рынки (продуктовые, не продуктовые) в будние дни кроме воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

6) медицинские центров, кабинетов, стоматологии по предварительной записи;

7) банков, ЦОН, отделения АО «Казпочта» с ограничением по времени с 09.00 часов до 18.00 часов, с соблюдением требований приложения 1 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря

2020 года;

8) дежурных групп дошкольных учреждений при соблюдении комплектации групп не более 15 человек с соблюдением требований приложения 14 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

9) государственных органов (органов исполнительной власти, органов государственного сектора, национальных кампаний, иных организаций, а также субъектов предпринимательства с соблюдением требований приложения 1 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года (при этом 80% сотрудников остаются на удаленном режиме, 20% на очном режиме);

10) религиозных объектов без проведения коллективных мероприятий, с соблюдением требований приложения 20 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

11) объектов общественного питания (в помещении) с разрешением работы с 09-00 до 20-00 часов при заполняемости до 50%, но не более 30 мест, с соблюдением требований приложения 21 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года.

При этом строго запрещается проведение коллективных, торжественных, семейных, памятных (банкетов, свадеб, юбилеев, поминков) и других массовых мероприятий.

12) непродуктовые магазины площадью до 2000 кв.м с соблюдением требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

13) сауны в будние дни кроме субботы, воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

14) бассейны в будние дни кроме субботы, воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

15) крытые рынки (продуктовые и непродуктовые) в будние дни кроме субботы, воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 8 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

16) спортивные, спортивно – оздоровительные центры и фитнес – центры в будние дни кроме субботы, воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года;

17) торговые дома, торговые сети в будние дни кроме субботы, воскресенья, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного

врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года.

1.3. ограничительные мероприятия на въезде в п.Уил:

1) обеспечить организацию санитарных постов с обязательной термометрией и анкетированием всех лиц, выезжающих и въезжающих в п.Уил;

2) изоляцию на 2 суток в карантинном стационаре для проведения лабораторного обследования на COVID-19 всех лиц с признаками COVID-19. Лица с признаками COVID-19, не исключаящими COVID-19, минуя карантинный стационар, госпитализируются в провизорный стационар;

3) после получения результатов лабораторного обследования на COVID-19 лица с положительным результатом переводятся в инфекционный стационар для лечения, лица с отрицательным результатом на COVID-19 – изолируются на дому (домашний карантин) в течение 12 суток. В случае отсутствия условий для изоляции на дому рекомендуется изоляция в помещениях, определенных местными исполнительными органами.

2. Аким Уилского района, Уилскому районному отделу образования:

1) обучения в комбинированном формате в общеобразовательных школах для учащихся предшкольных классов, с 1 по 5 классы включительно, в международных школах – с 1 по 7 классы включительно, с численностью детей в классах не более 25 человек;

2) обучения в комбинированном формате в течение 6 дней недели для выпускных классов (9, 11 (12) классы); 70% предметов в штатном режиме, 30% – в дистанционном (*не более 15 человек в классе, обучение по принципу «1 класс – 1 кабинет», соблюдение санитарно-дезинфекционного и масочного режимов*).

3. Аким Уилского района, главному врачу Уилской районной больницы обеспечить контроль температуры тела посетителя на входе ПМСП, всех лиц с подозрением на ОРВИ, грипп и симптомами COVID-19 принимать через «фильтр», в приемном покое стационара провести распределение ежедневного потока пациентов отдельно по хирургическому и терапевтическому профилю строгого соблюдения усиленного дезинфекционного режима.

4. Постановление обязательное для исполнения всеми физическими и юридическими лицами, независимо от форм собственности.

5. Признать утратившими силу постановление Главного государственного санитарного врача Актобинской области №ПГСВ-9 от 17 марта 2021 года «Об усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Уилского района».

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возлагаю на Главного Государственного санитарного врача Уилского района Кубаеву Г.А.

7. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный Государственный санитарный врач Актобинской области БЕРКИМБАЕВА Н.А.

Ойыл ауданы тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ 26.03.2021 ж.

№ПСГВ-11 Ақтөбе қаласы

Ойыл ауданы тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы Ойыл ауданы тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (будан өрі – COVID-19) таралуын алдын алу, сондай-ақ Ойыл ауданының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай мақсатында (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК(№01-08/00-234 26.03.2021жыл)Қазақстан Республикасының аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды облыстар аудандары тұрғындарынан 2021 жылдың 22 наурыздағы бағалау матрицасына сәйкес Ойыл ауданы қызыл аймаққа кіруіне байланысты*), «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 3 және 4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67, 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №68 қаулыларын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ойыл ауданы өкіміне:

1.1. тыйым салу:

1) конференциялар, көрмелер, форумдар, ойын - сауық, спорттық, сондай-ақ адамдар көп жиналатын отбасылық, сапанатты, естелік, ас беру және басқа да іс-шараларды, оның ішінде үйде;

2)ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі және ойын клубтары, боулинг-орталықтары, кальян (оның ішінде қоғамдық тамақтандыру объектілері қанындағы), балалар ойын алаңдары және аттракциондар, жабық үй-жайлардағы, батуттар және басқалар), букмекерлік кеңселердің және лото-клубтардың қызметтеріне, оның ішінде лотерея ұтыстары;

3) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне;

4) банкет залдарының қызметіне;

5) бастауыш, орта жөненегізгі орта деңгейдегі білім беру, орта оқу ұйымдарындағы асхана жұмысына;

6) мәдениет объектілерінің (дамындықтар);

7) театрлардың, кинотеатрлардың, концертті залдардың.

1.2. келесі объектілерге қатысты шектеу карантиндік шараларын күшейту:

1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 19 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының;

2) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 21 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда) толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан аспайтын сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істеу.

Бұл ретте ұжымдық, сапанатты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас беру) және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатаң тыйым салынады.

11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 21 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, ауданы 2000 кв.м. дейін азық-түлік емес дүкендердің;

13) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 16 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндерінен басқа жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес сауналардың;

14) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 16 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндерінен басқа жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес бассейндердің;

15) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 8 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндерінен басқа жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес ашық (азық-түлік және азық-түлік емес) базарлардың;

6) медициналық орталықтардың, кабинеттердің, стоматологиялардың алын ала жазылу бойынша;

7) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 1 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, банкеттердің,

халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «Казпочта» АҚ бөлімшесінің жұмыс уақытын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін шектей отырып;

8) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 14 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, мектепке дейінгі мекемелерінде кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтау;

9)Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 1 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кеңселердің), квазимемлекеттік сектор органдары, ұлттық компаниялар, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің (бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан, 20%-ы күндізгі режимде жұмыс жасауда қалады);

10)Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 20 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, діни объектілерде ұжымдық іс-шаралар өткізбей;

11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 21 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, ауданы 2000 кв. м. дейін азық-түлік емес дүкендердің;

12) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 21 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, сенбі, жексенбі күндерінен басқа жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес сауналардың;

